



**Абильбаева Арайлым Асылхановнаның 6D110100 - «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Туберкулездің ерте иммунодиагностикасында қолдану үшін *M.tuberculosis* диагностикалық маңызы бар антигендік компоненттерін анықтау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**


Туберкулез диагностикасы және оның емі медициналық-әлеуметтік мәселелердің бірі болып қалуда. Туберкулез формаларының әртүрлілігіне байланысты оның диагностикасы өте күрделі екенін атап өту керек. Біздің елімізде туберкулез диагностикасын жүргізген кезде дақылдық әдістерге көбірек көңіл бөлінеді. Алайда дақылдандыру жұқпалы материал себіндісінен бастағанда 2-ден 8 аптаға дейінгі уақытты қамтиды. Бұл оның ең үлкен кемшілігі болып табылады. Туберкулез диагностикасында серологиялық әдістер клиникалық және эпидемиологиялық жұмыс үшін өте ыңғайлы. Себебі сараптама үшін ең қол жетімді материал адамның қан плазмасы немесе сарысуы болып табылады. Алайда ИФТ әдісімен қоса бұл әдістердің жеткілікті диагностикалық тиімділігі жоқ.

Туберкулездік жұқпаның, оның ішінде өкпеден тыс туберкулездің диагностикасы үшін арнайы сынамалардың төмен ақпараттылығы сезімталдығы жоғары, соның ішінде гендік-инженерлік жолмен алынатын антигендерді іздеуді талап етеді. *M. Tuberculosis*-тің қорғаныштық белсенділігі бар антигендер тобының ішінде Rv3875, Rv3874, Rv2654c, Rv0512 сияқты секреторлық антигендер негізгі орынды алады. Диагностикалық шаралар кешеніне арнайы антигендермен индуцирленген цитокиндерді анықтауға арналған иммунологиялық тесттерді (in vitro) қосу туберкулездік жұқпа, соның ішінде жасырын туберкулез диагностикасын оңтайландыруға, ал туберкулезді анықтаған кезде оның ағымын болжамдауға мүмкіндік береді.

А.А. Абильбаеваның диссертациялық жұмысы туберкулездің ерте иммунодиагностикасында қолдану үшін *M.tuberculosis* диагностикалық маңызы бар антигендік компоненттерін анықтауға арналған. Жұмыс классикалық стильде жазылған және аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Мақсаты мен міндеттері дұрыс жазылған. Қорғауға шығарылатын кағидалар зерттеудің мазмұнын көрсетеді.

Кіріспеде таңдалған зерттеу жұмысының өзектілігі мен негізділігі көрсетілген. Мақсаты және оны айқындайтын міндеттері тұжырымдалған, жұмыстың ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы ашылған.

Бірінші тарауда туберкулездің ерте диагностикасы мәселесінің заманауи жағдайы көрсетілген. Әдебиеттік шолуда туберкулездік жұқпаның өзектілігі,

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Жалпы иммунология кафедрасы	Пікір

тарихи және клиникалық-диагностикалық аспектілері бар. Сонымен қатар диагностиканың жаңа, тиімді әдістері бойынша шолу көрсетілген.

Екінші тарау зерттеу әдістерінен тұрады. Мәліметтердің қалыпты үлестірім заңына бағынуын тексеру статистикалық критерийлер мен графикалық әдістер көмегімен жүзеге асырылды. Жұмыста қолданылған негізгі зерттеу әдістері, соның ішінде антигенспецификалық ынталандыру, одан арғы ИФТ, иммунохроматографиялық және статистикалық талдау әдістері сипатталған.

Үшінші тарауда өзіндік зерттеу нәтижелері көрсетілген. *M. tuberculosis*-тің (Rv3875, Rv3874, Rv2654c), Rv0512 секреторлық антигендері және осы антигендердің комбинациясымен ынталандыру кезіндегі патогенетикалық цитокиндер мен арнайы антиденелердің арнайы өнімі бағаланды.

M.tuberculosis (Rv3875, Rv3874, Rv2654c) мен Rv0512 антигендерімен ынталандыру кезінде цитокиндер мен антиденелер өнімінің тиімділігіне иммунды жауаптың әр түрінің әсері бағаланды.

M.tuberculosis (Rv3875, Rv3874, Rv2654c) мен Rv0512 антигендерімен ынталандыру кезінде цитокиндер мен антиденелердің арнайы өніміне әр түрлі факторлардың (гендерлік, конституционалды, өмір салты, қосымша аурулар) әсері зерттелді.

Қорытынды бөлімінде диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша негізгі тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар сипатталған.


Диссертация казак тілінде жазылған және жеңіл түсіну үшін қажетті мөлшерде иллюстрациялық материалдар қолданылған.

Зерттеу КЕАҚ «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің» ЛЭК-пен мақұлданды.

Зерттеу жүргізу барысында Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, ғылым және білім саласындағы заңнамасының талаптары сақталды. Барлық диагностикалық іс-шаралар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігімен бекітілген нормативтік-құқықтық акттар мен регламенттеуші құжаттарға, сонымен қатар Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің ғылыми зертеулерді жүргізу бойынша талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Нәтижелердің растығы қажетті іріктеме санымен, SPSS17.0, MedCalc Portable бағдарламаларын қолдану арқылы мәліметтерді дұрыс статистикалық өңдеумен қамтамасыз етілді. Алынған ақпаратты жинау және талдаудың заманауи әдістемелері, зерттеу объектілерін негіздеумен жеткілікті іріктеме жинағы қолданылды.

Имунологиялық көрсеткіштерді зерттеу сертифицирленген құрал ИФТ-ға арналған «ТЕСАМ» аппаратында орындалды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Жалпы иммунология кафедрасы	Пікір

Осыған ұқсас зерттеулердің болмауы диссертациялық жұмыс орындалуы барысында алынған негізгі нәтижелерді жаңа ғылыми факт деп бекітуге құқық береді.

Диссертациялық жұмыс талаптарға сай дәстүрлі үлгіде құрылған. Диссертацияның барлық бөлімдерінің арасында логикалық байланыс бар және жұмыс материалдарыны рет-ретімен баяндалған. Тұжырымдардың алға қойған міндеттерге сәйкес келетіні байқалады. Мұның барлығы ішкі біртұтастықты және осы жұмыстағы нәтижелердің тұтастығын көрсетеді.

А.А.Абильбаеваның диссертациялық жұмысы иммунодиагностика саласындағы ғылыми-тәжірибелік мәселені шешуде айқын маңызы бар ғылыми зерттеудің қорытындысы болып табылады. Алынған нәтижелер жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді және тәжірибелік денсаулық сақтау саласы үшін өзекті болып табылатын айқын мәселені шешуге бағытталады.

Жұмыстың негізгі қағидалары баяндалды:


ҚазҰМУ-дың жалпы иммунология, фтизиопульмонология, микробиология мен вирусология, патофизиология, фармакология кафедралары мен Атчабаров атындағы Ф және ІМ ҒЗИ ғылыми клиникалық-диагностикалық зертханасының қатысуымен өткен кафедралық мәжілісте;

«Новые концепции механизмов воспаления, аутоиммунного ответа и опухоли» атты VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, 6-8 маусым 2019ж., Қазан қаласы, Татарстан Республикасы (ауызша баяндама); Біріккен иммунологиялық форумда «Цитокины в диагностике, патогенезе и лечении заболеваний человека» атты Ресей цитокиндік қауымдастығының VIII конференциясында, 24-29 маусым 2019ж., Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы, (ауызша баяндама);

Қазақстан Республикасы иммунологтарының II съезі «Актуальные вопросы клинической иммунологии» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда, 4-6 қазан 2019ж., Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы, (ауызша баяндама);

Академик Мұрат Әбенұлы Айтхожинның туғанына 80 жыл толуына байланысты «Молекулалық биология, биотехнология, биохимия саласындағы іргелі зерттеулер мен инновациялар» атты Жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясында, 28-29 қараша 2019ж., Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы (ауызша баяндама).

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша 7 ғылыми жұмыс жарияланды. Оның ішінде: Web of Science Core Collection (Clarivate Analytics) пен Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналдардағы мақалалар – 1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ ИАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Жалпы иммунология кафедрасы	Пікір

журналдардағы мақалалар – 4, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы тезистер – 2.

Аннотация диссертация мазмұнына сәйкес келеді. Орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндеме диссертацияның негізгі қағидаларын көрсетеді.

Абильбаева Арайлым Асылхановнаның «Туберкулездің ерте иммунодиагностикасында қолдану үшін *M.tuberculosis* диагностикалық маңызы бар антигендік компоненттерін анықтау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы автордың өздігімен, жоғары ғылыми дәрежеде орындалған және медицинаның өзекті мәселесін шешуге бағытталған аяқталған еңбек болып табылады. Ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы бойынша бұл жұмыс 6D110100 - «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылатын диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Абильбаева А.А. 6D110100 - «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші,
КЕАҚ «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ»
жалпы иммунология кафедрасының меңгерушісі,
М.Ғ.К:



Битанова Э. Ж.